

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы
білім бөлімінің №32 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**
Әдістемелік кеңестің № 2 хаттамасы

Күні: 05.10.2025ж.

Н.М. Сулекина - әдістемелік кеңес төрайымы

Қатысқандар: әдістемелік кеңес мүшелері

Күн тәртібінде

1. Нөлдік бақылау нәтижесі.

Білім беру ұйымы директорының ОЖ орынбасары Абдигапарова Г.М.

2. «Зерде» ғылыми жұмыстар байқауының қалалық және жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінің қорытындысы.

Кәсіби бағдар беруші А.А.Медебаева

3. Құндылыққа негізделген тәрбие: мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы

Білім беру ұйымы директорының ТЖ орынбасары Ибраева Н.К

4. Мұғалім портфолиосы: кәсіби өсу мен жетістік көрсеткіші

5. «СТЕМ-білім: заманауи білім берудің инновациялық бағыты». Семинар – практикум.

Білім беру ұйымы директорының ФӘЖЖ орынбасары Сулекина Н.М.

Тыңдалды: Нөлдік бақылау нәтижесі.

Сөз алды: Білім беру ұйымы директорының ОЖ жөніндегі орынбасары Г.М.Абдигапарова

2024–2025 оқу жылының білім сапасы көрсеткіштері мен 2025–2026 оқу жылының нөлдік бақылау нәтижелерін өзара салыстыра отырып, оқу жетістіктеріндегі өзгерістерді анықтау, төмендеу себептерін айқындау және әр пән мен параллель сыныптар бойынша проблемалық аймақтарды нақты көрсету мақсатында сыныптардан нөлдік бақылау алынған.

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша әр параллель мен сыныптарда білім сапасы мен нөлдік бақылау көрсеткіштерінде әрқелкі динамика байқалады. 2–4 сыныптар арасында бірқатар сыныптарда оң өзгерістер тіркелсе, көпшілігінде барлық пән бойынша төмендеу орын алған. Бұл – оқу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы, жазғы кезеңдегі білім жоғалту, базалық пәндік дағдылардың әлсіреуі және оқушылардың жеке оқу қарқынын ескеретін жұмыстың күшею қажеттігін көрсетеді.

2-4 сыныптар бойынша қысқаша қорытынды:

2 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 67,8% → 55,8% (-12%).

- Нөлдік бақылау: -12% төмендеу.

Пәндер бойынша: математика, жаратылыстану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндерінде төмендеу.

Қорытынды: білім сапасы барлық пәннен төмендеген, оқушылардың базалық дағдыларын қайта қалыптастыру қажет.

2 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 75% → 77,6% (+2,6%).
- Нөлдік бақылауда да +2,6% өсім.

Пәндік динамика: қазақ тілінде айтарлықтай өсім, математикада – төмендеу.

Қорытынды: жалпы оң динамика сақталған, пәндер арасындағы алшақтықты теңестіру қажет.

3 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 82,2% → 50% (-32,2%).
- Нөлдік бақылау: -24% төмендеу.

Барлық пән бойынша күрт төмендеу тіркелген.

Қорытынды: дағды жоғалту жоғары деңгейде; шұғыл тақырыптық ремедиация қажет.

3 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 80% → 73,6% (-6,4%).
- Нөлдік бақылау: -32% төмендеу.

Пәндер бойынша, әсіресе жаратылыстану, математика, орыс тілінде айтарлықтай құлдырау.

Қорытынды: жыл басындағы нөлдік бақылау көрсеткішінің төмендеуі оқу қарқынының бәсеңдегенін көрсетеді.

3 «Б» сыныбы

- Білім сапасы: 62,5% → 65,7% (+3,2%).
- Нөлдік бақылау: +14% өсім.

Қазақ тілінде өсім байқалғанмен, орыс тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстануда төмендеубар.

Қорытынды: жалпы оң динамика бар, бірақ пәндік айырмашылықты азайту қажет.

4 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 81,6% → 42,3% (-39,3%).
- Нөлдік бақылау: -39,3% төмендеу.

Барлық пән бойынша төмендеу.

Қорытынды: білім сапасының айқын төмендеуі — 4-сыныптағы күрделі оқу жүктемесіне бейімделу төмен.

4 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 75,2% → 42% (-33,2%).
- Нөлдік бақылау: -33,2% төмендеу.

Әсіресе математика (-62,4%) және тілдік пәндерде төмен көрсеткіштер.

Қорытынды: базалық дағдылар әлсіз, жүйелі пәндік қолдау қажет.

Ұсыныстар: Диагностикалық карта құру: әр оқушы бойынша олқылықтарды анықтап, пән мұғалімдерімен жеке жұмыс жоспарын әзірлеу.

1. Қосымша сабақтар ұйымдастыру:

- математикалық дағдыларды күшейту
- оқылым, жазылымды дамыту

- мәтінмен жұмыс және логикалық тапсырмалар

2. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптармен мақсатты жұмыс:

Әсіресе 3 «А», 4 «А», 4 «Ә» сыныптар үшін күшейтілген оқу қолдау бағдарламасы.

3. Апталық бақылау жұмыстары:

Қысқа форматтағы тексеру – дағдының тұрақтылығын бақылау үшін.

4. Ата-аналармен

жұмыс:

Үй тапсырмасының орындалуын қадағалау, оқу дағдысын дамытуға қолдау

көрсету.

5. Пән мұғалімдерінің бірлескен әдістемелік талдауы: төмен көрсеткіштердің себептерін

анықтап, бірлескен шешімдер қабылдау.

5-10 сыныптар бойынша қысқаша қорытынды:

5 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 91,5% → 42,3% (-49,2%).

- Нөлдік бақылау: -49,2%.

Барлық пән бойынша күрт төмендеу (математика, қазақ тілі, әдебиет, тарих, ағылшын).

Қорытынды: оқу дағдыларының айқын төмендеуі анық, пәндік дағдыларды қалпына келтіру қажет.

5 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 95,5% → 42% (-53,5%).

- Нөлдік бақылау: -46,1%.

Қазақ тілі, әдебиет, орыс тілі, ағылшын, математика – барлық пәннен төмендеу.

Қорытынды: оқу жылы басында бейімделу төмен, тілдік пәндер бойынша олқылық көп.

5 «Б» сыныбы

- Білім сапасы: 62,5% → 65,7% (+3,2%).

- Нөлдік бақылау: +14%.

Пәндер арасында төмендеу бар, бірақ жалпы сыныпта оң динамика байқалған.

Қорытынды: білім сапасы жақсарған, бірақ пәндік көрсеткіштер теңгерімсіз.

6 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 80% → 33% (-47%).

- Нөлдік бақылау: -47%.

Барлық пәндерде айқын құлдырау.

Қорытынды: математика, тілдік пәндер және тарих бойынша қосымша қолдау қажет.

6 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 75,2% → 47% (-28,2%).

- Нөлдік бақылау: -46,1%.

Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарих, ағылшын пәндерінде үлкен төмендеу.

Қорытынды: оқу мотивациясы мен базалық дағдылардың әлсіреуі байқалған.

7 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 83,3% → 40% (-43,3%).

- Нөлдік бақылау: -48,3%.

Алгебра, тілдік пәндер, биология, тарих, география бойынша төмендеу.

Қорытынды: пәндік күрделенуге бейімделу төмен.

7 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 63,3% → 37,5% (-25,8%).
- Нөлдік бақылау: -25,8%.

Барлық пәннен кері динамика байқалады.

Қорытынды: пәндерді меңгеруде тұрақсыздық бар, оқушылармен жеке жұмыс қажет.

8 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 65,1% → 41,2% (-23,9%).
- Нөлдік бақылау: -23,9%.

Әсіресе дүниежүзі тарихы, география, қазақ әдебиеті пәндерінен күрт төмендеу.

Қорытынды: теориялық пәндерді меңгеруде қиындық анық.

8 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 60,5% → 53,6% (-6,9%).
- Нөлдік бақылау: -6,9%.

Информатика, әдебиет, тарих, химия пәндерінен төмендеу.

Қорытынды: жалпы динамика тұрақты, бірақ жекелеген пәндер бойынша төмендеу бар.

9 «А» сыныбы

- Білім сапасы: 74,4% → 52% (-22,4%).
- Нөлдік бақылау: -22,4%.

Дүниежүзі тарихынан 100% төмендеу, физика мен алгебрада да айтарлықтай төмендеу.

Қорытынды: қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейін күшейту қажет.

9 «Ә» сыныбы

- Білім сапасы: 85,4% → 35,2% (-50,2%).
- Нөлдік бақылау: -50,2%.

Тілдік пәндер мен жаратылыстану бағытында төмендеу.

Қорытынды: оқу жүктемесіне бейімделу төмен, жүйелі дайындық қажет.

10 «А» сыныбы бойынша қорытынды

- Білім сапасы: 66,4% → 30,1% (-36,3%).
- Нөлдік бақылау: -36,2%.

Қазақ тілі, әдебиет, химия, алгебрада айқын төмендеу.

Қорытынды: бейіндік пәндерге дайындық әлсіз, оқушыларда оқу мотивациясы жеткіліксіз.

Жалпы қысқаша қорытынды (5–10 сыныптар)

Барлық параллельдерде білім сапасының төмендеуі байқалады, әсіресе 5 «А», 5 «Ә», 6 «А», 7 «А», 9 «Ә», 10 «А» сыныптарында күрт құлдырау байқалады.

Пәндер бойынша ең төмен нәтиже көрсеткендер:

- Математика/алгебра

- Қазақ тілі мен әдебиеті
- Дүниежүзі тарихы
- Физика/химия
- Ағылшын тілі

Нәлдік бақылау көрсеткіштері де барлық параллельдерде төмен.

Бұл жазғы үзіліс, базалық білімнің әлсіздігі және пәндік күрделенуге бейімделудің жеткіліксіздігін көрсетеді.

- **Шешімі:** Әр пән мұғаліміне олқылық картасын толтырып, жеке оқушылармен жұмыс жоспарын

бекіту.

- Аптасына кемінде 1 рет қысқа бақылау жұмыстары.
- Төмен көрсеткіш тіркелген пәндер бойынша қосымша сабақтар, шағын топтар құру.
- Ата-аналарды оқу процесіне тарту, үйде оқуды күшейту.
- Пәндік әдістемелік бірлестіктерде нәтижелерді талдап, біріккен жоспар жасау.

Жауапты: пән мұғалімдері

мерзімі: 1 жж

Тыңдалды: «Зерде» ғылыми жұмыстар байқауының қалалық және жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінің қорытындысы.

Сөз алды: Кәсіби бағдар беруші Медебаева А.А.

Мектебімізде дәстүрлі «Зерде» ғылыми жобалар байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді. Байқауға барлығы 18 ғылыми жоба бойынша 20 оқушы қатысты.

2-сыныптар бойынша – барлығы 85 оқушы, оның ішінде 5 оқушы қалалық кезеңге өтті, 2 оқушы жүлделі орындарға ие болды. 4-сыныптар бойынша – барлығы 55 оқушы, 2 оқушы қалалық кезеңге жолдама алып, екеуі де жүлделі орындарға ие болды. 5-сыныптар бойынша – 52 оқушының ішінен 4 оқушы қалалық кезеңге жолдама алды.

6-сыныптар бойынша – 57 оқушы, оның ішінде 6 оқушы қалалық кезеңге өтіп, 4 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

7-сыныптар бойынша – 39 оқушының ішінен 3 оқушы қалалық кезеңге өтіп, 2 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

II орын иегерлері:

- Әсетұлы Ридуан (7 сынып), жетекшісі Жалғасбай Ақкүміс Серікбайқызы

- Бораншина Малика, Ермағамбетова Айару (6 сынып) — жетекшісі Абдимомінова Дилдаш Каппаровна

- Бактыбаева Амина (4 сынып), жетекшісі Кашиева Алина Совхозбаевна

- Нұртайқызы Іңкәр (4 сынып), жетекшісі Каирова Анар Есенбаевна

III орын иегерлері:

- Хусаинов Ришат (6 сынып), жетекшісі Нурмаганбетов Бейімбет Алибекович
- Сәбит Нұрасыл (2 сынып), жетекшісі Мухтангалиева Махаббат Касенхановна
- Қабаш Инжумаржан (7 сынып), жетекшісі Серденбаева Умуткуль Сапаровна
- Шукур Камила (7 сынып), жетекшісі Ескатова Алтын Болатовна
- Жумагалиева Меруерт (2 сынып), жетекшісі Абдухитова Лена Абдигалимовна
- Тұрсынбек Ақерке, Тұрсынбек Назерке (2 сынып) , жетекшісі Ауезханова Мирамгуль Жумагалиевна

Облыстық кезеңге өткен оқушылар **жоқ**.

2025–2026 оқу жылының жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді. Олимпиадаға барлығы **91 оқушы** қатысты, оның ішінде:

- 5–6 сыныптардан – 35 оқушы,
- 7–8 сыныптардан – 31 оқушы,
- 9–11 сыныптардан – 25 оқушы.

Нәтижесінде **28 оқушы қалалық кезеңге жолдама алды.**

Қалалық кезеңге өткен оқушылар тізімі:

Қазақ тілі пәнінен: Құмар Айлин (6 сынып), Есетова Айлана (7 сынып), Ермағанбетова Саяжан (8 сынып), Жұмаш Замира (9 сынып), Нағашыбай Инабат (10 сынып).

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен: Әбілбек Аяжан (5 сынып), Кубжасарова Аделя (6 сынып), Жақсылық Инжу (8 сынып), Досмагамбетова Мадина (10 сынып), Серікбай Зухра (11 сынып)

Ағылшын тілі пәнінен: Қабылан Жанасыл (6 сынып), Әсетұлы Ридуан (7 сынып), Бекмагамбетова Жания (8 сынып), Токтар Риза (10 сынып) .

Математика пәнінен: Әбілбек Хадиджа (5 сынып), Батыр Әмір (6 сынып), Рамазан Айдос (7 сынып), Рахметалин Елдар (8 сынып).

Информатика пәнінен: Исмайлов Исламбек (8 сынып).

Физика пәнінен: Байдалина Айым (8 сынып).

Жаратылыстану пәнінен: Алдабергенова Анар (6 сынып), Мырзахмет Бекарыс (6 сынып).

География пәнінен: Игибаев Ерали (8 сынып)

Химия пәнінен: Сабитбек Ботакөз (7 сынып)

Биология пәнінен: Абдрахманов Жанболат (7 сынып), Қанатқызы Жансая (10 сынып)

Қазақстан тарихы пәнінен: Туралы Нурдаулет (5 сынып), Хусаинов Ришат (6 сынып)

Олимпиада жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар өз білімдерін жан-жақты көрсетті. Іс-шара барысында пән мұғалімдерінің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік дайындығы байқалды. Олимпиада нәтижесі дарынды

оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және пәнге деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етті.

Қалалық кезеңге өткен оқушыларға мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері тарапынан дайындық жұмыстары жүргізілуде. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау кезінде ашықтық пен әділдік қағидаттары сақталды.

Шешімі: Зерде ғылыми жұмыстар байқауына оқушыларды жүйелі дайындау, әр балаға СВОД талдау жасау.

Олимпиадалық резервке оқушы дайындау, олимпиада тапсырмаларының базасын құру.

Жауапты: пән мұғалімдері

Мерзімі: жыл бойы

Тыңдалды: Құндылыққа негізделген тәрбие: мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы

Сөз алды: Білім беру ұйымы директорының ТЖ орынбасары Ибраева Н.К

Іс-шара жағымды атмосфера қалыптастырудан басталды. Мотивациялық бөлімде қатысушылар арасындағы байланыс орнатылып, тренингке деген қызығушылық артты.

Келесі кезеңде «Миға шабуыл» әдісі қолданылып, педагогтерге ата-анамен жұмыс барысында кездесетін қиындықтар туралы сұрақтар қойылды. Қатысушылар өз тәжірибесімен бөлісіп, ой алмасты.

Теориялық бөлімде **кейс әдісінің мәнін**, оның құрылымын және тиімділігін түсіндірді. Кейс әдісінің негізгі мақсаты – педагогтің ойлау дағдысын дамыту, тәжірибеде шешім қабылдауын жетілдіру және коммуникацияны нығайту екені атап өтілді.

Топтық жұмыс кезеңінде қатысушылар 4 рөлге бөлінді:

1-топ – Мектеп өкілдері;

2-топ – Ата-ана;

3-топ – Психологтар/тәрбиешілер;

4-топ – «Адал азамат» құндылықтарын ұстанушы топ.

Әр топқа үш түрлі шынайы жағдайдан тұратын кейстер ұсынылды:

- ата-ананың қарсылығы;
- ата-ананың жауапкершілікті мектепке ысыруы;
- сынып жетекшіге байланысты қате түсінік.

Топтар ұсынылған жағдаяттарды талдап, мәселені анықтап, бұзылған құндылықтарды белгіледі және үш қадамнан тұратын нақты әрекет жоспарын жасады. Сонымен қатар, ата-анамен жүргізілетін диалог үлгісін құрастырып, өз шешімдерін қорғады.

Қорғау барысында әр топ мәселенің түйінін ашып, «Адал азамат» құндылықтарына сүйене отырып тиімді шешімдер ұсынды. «Мектеп–ата-ана–оқушы» бірлескен жұмыс моделі мен баланың мүддесін бірінші орынға қою қажеттілігі ерекше атап өтілді.

Соңында «Мұғалімнің өмір балансы» тақырыбында рефлексия жүргізілді. Қатысушылар кестені толтырып, өз кәсіби және жеке баланс деңгейін талдады. Іс-шара педагогтердің ата-анамен құндылыққа негізделген қарым-қатынас жүргізу дағдыларын дамытуға оң әсер етті. Қатысушылар кейс әдісі арқылы нақты жағдайларды талдап, тиімді шешім қабылдау тәжірибесін жетілдірді. Тренинг қатысушылардың кәсіби коммуникациясы мен ынтымақтастығын күшейтті.

Шешімі. Ата-анамен жұмыс барысында барлық жағдаяттарды шешудің ең тиімді жолы – құндылыққа негізделген ашық диалог орнату. Мектеп пен ата-ана баланың дамуы жолында ынтымақтастық, құрмет, сенім және ортақ жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алып, әр мәселені бірге талқылап, нақты әрі бірлескен іс-қимыл жоспарын құру.

Жауапты: сынып жетекшілері

Мерзімі: жыл бойы

Тыңдалды: «СТЕМ-білім: заманауи білім берудің инновациялық бағыты». Семинар – практикум.

Сөз алды: Білім беру ұйымы директорының ҒӘЖЖ орынбасары Сулекина Н.М

Семинардың жұмысы кіріспе бөлімімен басталды, семинардың мақсаты мен міндеттерін таныстырды. Ол СТЕМ-білімнің қазіргі қоғамда, әсіресе мектептегі оқу үдерісінде маңыздылығы артып келе жатқанын атап өтті.

Кіріспеден кейін қатысушылар назарына СТЕМ бағытындағы мүмкіндіктерді көрсететін қысқа мотивациялық бейнеролик ұсынылды. Бейне жаңа технологиялардың балалардың шығармашылық және инженерлік ойлауын дамытудағы рөліне назар аудартты.

Семинардың теориялық бөлімінде «СТЕМ-білімнің мазмұны және инновациялық рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада СТЕМ құрамдас бөліктері, кіріктірілген оқытудың тиімділігі, заманауи білім алушыға қажет дағдылар және СТЕМ арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту жолдары жан-жақты ашып көрсетілді.

Семинардың практикалық бөлімі өте белсенді өтті. Қатысушылар 4 топқа бөлініп, жеңіл материалдардан (картон, түтікше, резинка, жіп, скотч т.б.) қарапайым инженерлік құрылғы немесе модель жасады. Әр топ өз шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетіп, көпір, робот-қол, жел диірмені сияқты шағын макеттер құрастырды. Топтар өз жұмысын таныстырып, құрылғының қалай жұмыс істейтінін және оның қандай пәндермен кіріктірілетінін түсіндірді.

Келесі тапсырмада мұғалімдер СТЕМ элементі бар қысқа сабақ жобасын әзірледі. Физика, биология, математика, география бойынша практикалық бағыттағы мини-сабақтар дайындалып, әр топ өз әзірлемесін қорғады. Қатысушылар өзара пікір алмасып, жаңа идеялармен бөлісті.

Семинар соңында рефлексия ұйымдастырылып, мұғалімдер стикерге STEM туралы өз ойларын, алған әсерлерін және болашақта қолданатын идеяларын жазды. Қатысушылар семинардың пайдалы болғанын, тәжірибемен бөлісуге мүмкіндік бергенін, әрі сабаққа жаңа тәсілдер енгізуге түрткі болғанын атап өтті.

Жалпы, семинар–практикум жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мұғалімдер теориялық білім алып қана қоймай, практикалық жұмыстар орындау арқылы STEM технологияларын қолданудың нақты жолдарын меңгерді.

Шешімі: ЖМБ мұғалімдер сабақтарында STEM оқыту элементтерін қолдансын.

Жауапты: ЖМБ пән мұғалімдері

Мерзімі: жыл бойы

Тыңдалды: Мұғалім портфолиосы: кәсіби өсу мен жетістік көрсеткіші

Сөз алды: Білім беру ұйымы директорының ҒӘЖЖ орынбасары Сулекина Н.М

Мұғалімнің кәсіби портфолиосын қалай бағалау № 72 бұйрық (2024 ж. 2 сәуір) пен № 32 бұйрық (2025 ж. 25 ақпан) негізінде жүзеге асырылады.

• Міндетті қосымшалар:

1. Педагог қызметкердің біліктілік санатын растау немесе беру туралы өтініші.
2. Жеке куәліктің көшірмесі.
3. Білім туралы дипломның көшірмесі.
4. Ғылыми атақ берілгені туралы куәлік (бар болса).
5. Еңбек кітапшасының көшірмесі.
6. Біліктілік санаты туралы сертификат және бұйрық көшірмесі.
7. Қосымша пәндер бойынша курстардың сертификаттары.
8. Ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстарының құжаттары.
9. Ұлттық біліктілік тестілеуден өткендігі туралы анықтама.

Ескерту: барлық құжаттардың көшірмелері білім беру ұйымының басшысының қолы және мөрмен куәландырылуы қажет.

2-бөлім. Педагогтің кәсіби жетістіктері мен оқушылардың нәтижелері

Мазмұны:

2.1. Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелері

- Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сертификаттар, дипломдар, грамоталар.
- Сабақ бақылау парақтары (кемінде үш) және сараптама ұсыныстары.
- Оқыту курстары, семинарларға қатысу құжаттары.
- Педагогикалық шығармашылық және ғылыми-әдістемелік қызмет (семинар, шеберлік-сынып, дөңгелек үстел, көрме, жарияланымдар).

2.2. Оқушылардың оқу жетістіктері

Шешімі: аттестация өтетін мұғалімдер портфолионы жинақтап, критерийге сай дайындасын.

Жауапты: Пән мұғалімдері

Мерзімі : желтоқсан

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Н.М.Сулекина
А.Ш.Ізбасар